**ӘОЖ 378.1:004.8**
**ҒТАМР 14.35**
https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.79.4.005

# БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сламбекова Т.С.[1], *Шакаримова К.К.[2], Дюсенбаева А.Т.[3]
[1,*2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
[3]Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Астана, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы әлеуметтік желілердің маңызы туралы баяндалған. Мақаланың мақсаты – болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастыруда әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыда негіздеу және олардың цифрлық ортадағы кәсіби өзін-өзі таныту, коммуникациялық дағдыларды дамыту, психологиялық қызметтің танымалдығын арттырудағы рөлін анықтау. Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық маңызы - мақалада әлеуметтік желілер арқылы кәсіби имиджді қалыптастырудың теориялық негіздеріне талдау жасалуы, ғылыми тұжырымдардың жүйеленуі және оны осы мәселе бойынша зерттеу жүргізушілердің алынған мәліметтерді кәсіби имиджді қалыптастыруда тәжірибеде қолдану мүмкіндігінің болуы.

Мақалада сапалық және сандық зерттеу әдістерінен контент-талдау және сауалнама қолданылды. Контент талдау диссертациялық жұмыстар, шетелдік, ресейлік және отандық мақалаларға талдау жасау арқылы жүзеге асырылып, кәсіби имидж ұғымының мәні мен оны қалыптастырудағы әлеуметтік желілердің маңызы талданды. Сауаланамаға С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 1-4 курсының 79 студенті қатысты. Сауалнама нәтижелері болашақ педагог-психологтар әлеуметтік желіні кәсіби имиджді қалыптастыру құралы ретінде қолданудың маңыздылығын қолдайтындығын көрсетті, ол зерттеу аясында жүргізілген контент-талдау нәтижесінде жасалған кәсіби имидждің дамуына әлеуметтік желілердің маңызы туралы тұжырымдармен сәйкес келеді. Зерттеу болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік желілер арқылы кәсіби имиджін қалыптастыруға, кәсіби ұстанымдарын көрсетуіне және маман ретінде қалыптасуына оң ықпал ететінін көрсетті. Бұл мақала цифрлық ортада кәсіби имиджді қалыптастыру мәселесін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастыра отырып, әлеуметтік медианың кәсіби өзіндік сананы қалыптастырудағы орнын нақтылайды.

**Тірек сөздер:** кәсіби имидж, әлеуметтік желі, кәсіби өзін-өзі таныту, болашақ педагог-психологтар, цифрлық орта, цифрлық оқыту, кәсіби құзыреттілік, бедел

**Кіріспе**

Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі – әлеуметтік желілер. Әлеуметтік желілердің маңыздылығы әсіресе педагог-психологтар үшін ерекше, себебі олардың кәсіби іс-әрекеті білім алушылармен және олардың ата-аналарымен тікелей қарым-қатынас орнатып, сеніміне кіруді талап етеді. Ал сенімді және жағымды көзқарасты қалыптастырудың бүгінгі таңда кеңінен таралған тәсілдерінің бірі – әлеуметтік желілерде дұрыс әрі кәсіби бейне құра білу. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін әлеуметтік желілер арқылы қалыптастырудың маңыздылығы бірқатар факторлармен, атап айтқанда, білім беру ортасындағы цифрлық өзгерістермен және бұл үрдісті қолдайтын нормативтік-құқықтық құжаттармен негізделеді.

«2023–2029 жж. цифрлық трансформация тұжырымдамасында» цифрлық экономика үшін заманауи дағдыларға ие адами капиталды қалыптастыру өзекті міндеттердің бірі деп қарастырылса [1], «Педагог» кәсіби стандартында [2] педагог мамандардың білім беру ресурстары мен әлеуметтік желілерді тиімді пайдалана алуы тиіс деп көрсетіп, болашақ педагог-психологтардың цифрлық ортада кәсіби имиджін қалыптастыру қажеттігін айқындайды.

Осылайша, болашақ педагог-психолог үшін әлеуметтік желі кәсіби қалыптасу жолындағы маңызды құралдардың біріне айналады. Себебі қоғамда әлеуметтік желі қоғамдық пікірді қалыптастыруда негізгі орындардың бірін алады. Педагог-психологтар үшін олардың кәсіби іс-әрекеті сенім, эмпатия, беделмен тығыз байланысты болғандықтан, әлеуметтік желідегі позитивті кәсіби имидж кәсіби жетістік пен тиімділіктің маңызды құрамдас бөлігіне айналады. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін әлеуметтік желі арқылы қалыптастыру тек заманауи тренд қана емес, ол стратегиялық және нормативтік құжаттармен және мемлекеттік тапсырыспен бекітілген қажеттілік. Әлеуметтік желіні кәсіби даму құралы ретінде қолдана білу болашақ педагог-психологтың цифрлық және коммуникативтік құзыреттіліктерінің құрамдас бөлігіне енеді.

Мақаланың мақсаты - болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастыруда әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыда негіздеу және олардың цифрлық ортадағы кәсіби өзін-өзі таныту, коммуникациялық дағдыларын дамыту, психологиялық қызметтің танымалдығын арттырудағы рөлін анықтау.

Қазіргі қоғамда кәсіби мамандардың жетістігі тек кәсіби құзыреттілікпен ғана емес, олардың тұлғалық бейнесімен, яғни кәсіби имиджімен де өлшенеді. Педагог-психолог мамандығы үшін бұл ұғым ерекше маңызды, себебі олар адаммен тікелей байланысқа түсетін әлеуметтік рөл иелері. Кәсіби имидж –қоғамда, кәсіби ортада және білім алушылар мен ата-аналар алдында маман тұлғасына деген қабылдауды қалыптастыратын көпқырлы құбылыс. Кәсіби имидж –тұлғаның кәсіби ортада қабылдануына әсер ететін, сыртқы және ішкі сипаттамалар жиынтығы. Бұл ұғым білім

беру мен психология саласында кәсіби жетістік пен сенімділіктің маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Кәсіби имидж ұғымының мәні мен мазмұнын ашу үшін бұл ұғымға талдау жасау маңызды. Талдау кәсіби имидж ұғымы ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылып келе жатқан ұғым екенін анықтады. О.Е. Кутепова кәсіби имиджді студенттің кәсіби қызметке дайындық барысындағы сыртқы келбеті, мінез-құлық стилі, коммуникативтік мәдениеті, құндылық бағдарлары және тұлғалық қасиеттерінің тұтас жүйесі деп анықтап, ол когнитивтік, моральдық-этикалық, эмоциялық-коммуникативтік компонент және сыртқы бейнесінен құралдары деп көрсетеді [3]. Ал И.А. Лашкина кәсіби имиджді педагогикалық феномен деп, ол студенттің кәсіби имиджі тек сыртқы көріністерімен шектелмей, педагогикалық мәнде құндылықтармен, қатынастармен, коммуникациямен байланыстырылады деп, оны қалыптастыруда ортаның маңызды орын алатындығын негіздейді [4].

Кәсіби имиджді қалыптастыру мәселесі диссертациялық жұмыстарда әр қырынан зерттелді, атап айтқанда Т.Б. Кулакова болашақ педагогтың кәсіби имиджін мәдениеттанушылық тұғыр аясында қараса, О.Е. Кутепова құндылық-бағдарлы іс-әрекетте жоо студентінің кәсіби имиджін қалыптастыруды [3], И.А. Лашкина ЖОО әлеуметтік мәдени ортада студенттің кәсіби имиджін қалыптастыруды [4], Г.С. Ерданова болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыруды зерттесе [5], М.С. Безбогова әлеуметтік желілер қазіргі заманғы жастардың әлеуметтік ұстанымдарын қалыптастыру факторы ретінде [6] мәселелерін қарастырды.

Диссертациялық жұмыстарға жасалған талдаулар болашақ педегогтардың кәсіби имидж мәселесі жан-жақты қарастырылғаны, ал әлеуметтік желілерге қатысты дисстертациялық зерттеулер жеткіліксіз екенін анықтады. Талдау әлеуметтік желілер жастардың өмірлік ұстанымдарына және кәсіби қалыптасуына ықпал ететіндігін көрсетті. Зерттеуші М.С. Безбогова әлеуметтік желіні виртуалды әлеуметтік орта деп, онымен тұлға әлеуметтік байланыстарды орнатады, тереңдетеді, әлеуметтенеді, өзін-өзі жүзеге асырады, өзін қызықтыратын кез-келген ақпаратты белгілі бір коммуникациялық каналдар арқылы қабылдайды және тұтынады деп анықтауы кәсіби имидждің қалыптасуы үшін маңызды [6, 17 б.]. Әлеуметтік желінің виртуалдылығы, медиалығы, интерактивтілігі қасиеттерін көрсетуі, кәсіби имиджді қалыптастыру үшін маңызды шарттар болып табылады.

Бұл ойды шетелдік зерттеулерде дәлелдей түседі, әлеуметтік желі кәсіби білім беру және қалыптасу мақсатында пайдалану жөнінде арнайы зерттеулер жарияланған. Гунхильд Квале, Гро-Рене Рамбоның зерттеуінде блоггинг арқылы мектепке дейінгі білім беру мекемесі педагогтарының кәсіби сәйкестігін дамыту мәселелерін қарастырады [7]. Авторлар блог жүргізуді педагогтың тәжірибесін ұғыну, талдау және қайта қарау құралы ретінде сипаттап, оның кәсіби білімді меңгерумен қатар оны кәсіби форматта ұсынуға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді. Блог жүргізу тек білім алумен

қатар оны кәсіби форматта жеткізуге ықпал ете отырып, кәсіби сәйкестілігін дамытады деп көрсетуі кәсіби имиджді қалыптастыруда маңызды құрал екендігін айқындады.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудың өзектілігі халықаралық ғылыми кеңістікте де ерекше назарда екендігін скопус деректер базасындағы еңбектер дәлелдейді. Бұл тұрғыда С. Полаттың зерттеуі айрықша мәнге ие. Ол 2002–2022 жж. аралығында скопус базасына тіркелген ғылыми мақалаларға жүйелі шолу жүргізіп, білім беру саласындағы имидж мәселесіне арналған 47 еңбекті талдаған [8]. Зерттеу нәтижесінде автор имидж мәселелерін бірнеше бағыттарға топтастырады: біріншіден, білім беру саласында имидждің теориялық-ұғымдық негіздерін сипаттайтын тұжырымдамалық имидж; екіншіден, кәсіби-педагогикалық қызметте мұғалімнің тұлғалық имиджін айқындайтын еңбектер; үшіншіден, білім беру ұйымдарының имиджін зерттеуге арналған жұмыстар. Мұндай жүйелеу кәсіби имидждің тек жеке тұлғалық деңгейде ғана емес, білім беру жүйесінің барлық құрылымдық элементтерінде маңызды құбылыс ретінде дәлелдейді.

Рихтер Э., Карпентер, Дж. П. Мейер, А., Рихтер Д. зерттеуінде педагогтардың әлеуметтік желілерге жарияланған жазбаларындағы хештегтер негізінде талдау жасау арқылы педагог имиджіне ол жазбалардың ықпалы туралы баяндалған еңбегінде әлеуметтік желінің педагог үшін маңызы талқыланады [9]. Мерчант Гай, Кэти Бернетт, Бекки Пэрри цифрлық ортада мұғалім тұлғасының қайта қалыптасу үдерісі жүреді деп, ал әлеуметтік желілер мен блог жүргізуді білім беру кеңістігіндегі «кәсіби өз-өзімен жұмыс істеу алаңы» ретінде қарастырады [10]. Олар әлеуметтік желі арқылы мұғалім кәсіби тұлғасын қоғамға ұсынып, әріптестерімен ашық пікір алмасу арқылы имиджін нығайта алады деп пайымдайды.

Ресейлік зерттеушілер де осы тақырыпқа ерекше мән береді. Мәселен, Гусева И.В. және Куликова А.Н. бұл ұғымның көпкомпонентті құрылымын ашады: вербальды және вербальды емес мазмұны, коммуникативтік стиль, кәсіби құндылықтар, сыртқы бейне, эмоционалдық тұрақтылық [11]. Авторлар әлеуметтік желілер осы компоненттерді тұтас форматта көрсету мүмкіндігін береді дейді. Ал Г. Николаева болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуындағы кәсіби әлеуметтік желілердің маңызы туралы баяндайды [12]. Кәсіби әлеуметтік желілер мен сайттарда жеке профилінің болуының маман үшін маңызына тоқталып, әлеуметтік желілердің қызметтеріне сараптама жасайды.

Қазақстандық зерттеушілерден Ахметова Г.Б., Тажигулова А.И., Ахметова Ж.Б. болашақ педагогтардың мектептегі цифрлық оқытуға дайындығы мәселесін қарастырса [13], Оразбекова И.Г., Исмаилова О.А. [14] ағылшын тілі сабақтарында Whatsapp желісін қолдану арқылы болашақ педагогтарды цифрлық орта құралдарын қолдана отырып, әлеуметтік желілер арқылы оқыту сапасының артқандығын растай түседі.

Жоғарыда аталған зерттеулерді талдай келе, болашақ педагог-психолог үшін әлеуметтік желілер кәсіби тұлғалық өсу мен беделді бекітудің, яғни

кәсіби имиджді қалыптастырудың құралы екені дәлелденіп отыр. Бұл әлеуметтік желілерде жариялайтын контенті олардың қоғам алдындағы бейнесін қалыптастырып, кәсіби сенімділікті нығайтып, жағымды кәсіби имиджінің қалыптасуына ықпал ететіндігін және цифрлық ортада кәсіби өзін-өзі ұсыну мәдениетін қалыптастыру – ЖОО-дағы дайындық процесінің маңызды міндеттерінің бірі екенін байқатады.

**Материалдар мен әдістер**

Мақаланы жазу барысында сапалық әдістерден – контент талдау әдісі, ал сандық әдістерден – сауалнама әдісі қолданылды.

Контент-талдау әдісімен отандық, шетелдік және ресейлік авторлардың кәсіби имидж және әлеуметтік желілер мәселесіне қатысты зерттеулері талданды. Контент-талдаудың мақсаты - салыстырмалы талдау негізінде әлеуметтік желілердің кәсіби имиджді қалыптастырудағы маңызын, атқаратын қызметтерін, ерекшеліктерін айқындау, кәсіби имиджді қалыптастыруға ықпал ететін тұжырымдарды негіздеу.

Зерттеу барысында сандық әдістердің бірі – сауалнама қолданылды. Сауалнама Google Form платформасында дайындалып, оған С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 1-4 курсының 79 студенті (болашақ педагог-психологтар) қатысты. Қатысушылардың 92,4%-ын қыздар, ал 7,6%-ын ұлдар құрады. Респонденттер арасында қыздардың басым болуы бұл білім беру бағдарламасына негізінен ұлдарға қарағанда қыздардың көптеп түсуімен түсіндіріледі. Осыған байланысты сауалнама нәтижесінде жыныстық құрамда қыздардың айтарлықтай үлесі байқалды. Сауалнаманың мақсаты - болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастыру процесіндегі әлеуметтік желілердің маңызын анықтау.

**Нәтижелер**

Әлеуметтік желілердің болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы ролін анықтау үшін отандық, шетелдік және ресейлік авторлардың зерттеу жұмыстарына талдау жасалды. Жоғарыда зерделенген ғылыми диссертациялар мен мақалалар бойынша жүргізілген әлеуметтік желілердің болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы ықпалы мен маңызын анықтауға бағытталған контент-талдау, бұл зерттеулерді үш топқа біріктіруге мүмкіндік берді:

1) Әлеуметтік желінің кәсіби имиджді қалыптастыруда атқаратын қызметтері:

- Рефлексия, өзара байланыс, тәжірибе алмасу қызметтері (Г. Мерчант, Кэти Бернетт, Бекки Пэрри [10]; И.В. Гусева, А.Н. Куликова [11]);
- өзін-өзі таныту, кәсіби өзіндік бейне қалыптастыру қызметтері (М.С. Безбогова [6]; Г. Николаева [12]).

2) Кәсіби имидж құрылымындағы әлеуметтік желінің мазмұндық орны:

- Вербалды және вербалды емес коммуникацияны жеткізу құралы (И.В.Гусева, А.Н.Куликова [11]);
- Кәсіби құндылықтарды дамыту мүмкіндігі (О.Е. Кутепова [3]);
- Сыртқы бейне мен тұлғалық қасиеттердің визуализациясы (Рихтер Э. Карпентер [9], М.Т. Себулен [15],)

3) Цифрлық орта мен әлеуметтік желінің ерекшеліктері:

- Виртуалдылық, интерактивтілік, медиалық сипат (Ахметова Г.Б., Тажигулова А.И., Ахметова Ж.Б. [13]);
- Блог, профиль, пост, сторис – имиджді қалыптастыру құралы ретінде (Гунхильд Квале, Гро-Рене Рамбо [7]; И.Г.Оразбекова, Исмаилова [14]).

Контент талдау негізінде кәсіби имиджді қалыптастырудағы әлеуметтік желілердің маңызы туралы келесі тұжырымдар жасалды:

- әлеуметтік желілер болашақ педагог-психологтарға кәсіби имиджін басқаруға және нығайтуда өте маңызды, себебі олардың кәсіби имиджі тек кәсіби білімнен ғана емес, сонымен бірге олардың кең ауқымды әлеуметтік байланыстары арқылы танымалдылығы артқан сайын қалыптасады;
- цифрлық орта – кәсіби рефлексия мен кәсіби өзін-өзі дамытудың жаңа алаңы және болашақ педагог-психологтар әлеуметтік желілер мен блогтарда өзінің жұмысын, тәжірибесін талдап, басқалармен бөлісіп, пікір алмасып, өзін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізеді. Сауалнама деректері кәсіби білімді жетілдіру мақсатында респонденттердің 24,1 % пайдаланатындығын көрсетті және қалыптастырушы эксперимент барысында осы бағытта жұмыс жасау қажеттігіне негіз болды;
- әлеуметтік желілер кәсіби қауымдастыққа интеграциялану мен одан қолдауға алуға ықпал етеді, себебі әлеуметтік желідегі кәсіби желілік қауымдастық аясында әріптестермен қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу өздеріне деген сенімділікті дамытуға, білікті маман ретінде көрсетуге және сол арқылы кәсіби имиджін қалыптастыруға ықпал етеді;
- болашақ педагог-психологтардың әзірлейтін контент сапасы, оның этика талаптарына сай болуы, аудиториямен қарым-қатынас стилі – оның кәсіби имиджінің ажырамас компоненттері болып табылады және әлеуметтік желіде сақтала отырып, кәсіби имиджінің қалыптасуына ықпал етеді.

Контент-талдау әлеуметтік желілердің болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастыруда және дамытуда маңызды рөл атқаратынын айқындады. Әлеуметтік желі болашақ педагог-психологтарға өзіндік кәсіби бейнені көрсету құралы ғана емес, кәсіби ортаға интеграцияланудың, кәсіби рефлексия жасаудың және кәсіби құндылықтарды меңгеру мен танытудың интерактивті алаңы болады деген тұжырым жасауға негіз болды.

Контент-талдау кәсіби имиджді қалыптастыруда әлеуметтік желінің маңыздығылығын көрсетсе, бұл тұжырымның дұрыстығын жүргізілген сауалнама нәтижелері дәлелдей түсті. Мәселен сауалнамада «Әлеуметтік

желілерде қанша уақыт отырасыз?» деген сұраққа респонденттер арасында ең көп таңдалған уақыт мөлшері 3-4 сағат болды (41,7 %) Дәл осы уақыт межесі Филиппиндегі Майкл Т. Себуллен және басқалар жүргізген зерттеуі 40 % құрады деп көрсетеді [15], бұл біздің зерттеуіміздің дәлдігін растай түседі. Төмендегі 1-кестеде болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік желіде өткізген уақыт мөлшері көрсетілген.

Кесте 1. Болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік желіде өткізген уақыты

| Жұмсалған уақыт жиілігі | Жауап нұсқасын таңдағандар саны | Пайызы |
|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін | 5 | 6,3 % |
| 1-2 сағат | 15 | 19 % |
| 3-4 сағат | 33 | 41,7 % |
| 5-6 сағат | 19 | 24,1 % |
| 7 сағаттан көп | 7 | 8,9 % |
| | 79 студент | 100 % |

Сауалнамаға қатысушылар арасында әлеуметтік желіге 5-6 сағат уақытын арнайтын студенттер саны 24,1 % (19 студент) құрап, респонденттердің төрттен бір бөлігі уақытының көпшілік бөлігін әлеуметтік желіде өткізетіндігін байқатты. Ал 8,9 % (7 студент) тіпті 7-сағаттан артық уақытын әлеуметтік желіні қараумен өткізетіндігі белгілі болды. Бұл дегеніміз болашақ педагог-психологтардың осы уақытын пайдалы кәсіби контент қарауға, өздерінің болашақ кәсіби іс-әрекетін дамытатын контенттерді көруге бағыттау керектігін айқындады. Осы ойды Майкл Т. Себуллен әлеуметтік желіні әлеуметтену және білім беру мақсатында қолданып, оқыту сапасын арттыруға және сабаққа қажетті материалдар алуда маңыздылығын тұжырымдайды.

Сауалнамада болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік желіде болу мақсаттарын анықтауға бағытталған «Әлеуметтік желілерді не үшін қолданасыз?» сұрағы бойынша деректер 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Болашақ педагог психологтардың әлеуметтік желілерді қолдану мақсаттарына байланысты сандық, пайыздық көрсеткіштері

| Әлеуметтік желіні қолдану мақсаттары | Таңдағандар саны | Пайызы |
|---|---|---|
| Достар, туыстар, жақындармен араласу үшін | 64 | 81% |
| Жаңалықтар қарау үшін | 52 | 65,8% |
| Жаңа білім игеру, дағдылар қалыптастыру үшін | 48 | 60,8% |
| Қызығушылықтары бойынша топтармен араласу үшін | 33 | 41,8% |

| | | |
|---|---|---|
| Уақыт өткізу үшін | 30 | 38% |
| Кәсіби білімді жетілдіру | 19 | 24,1% |
| Жаңа таныстар табу үшін | 5 | 6,4% |

Кестеден студенттер әлеуметтік желіні коммуникация жасау (81%), оқиғалардан хабардар болу және жаңа білімдерді игеру үшін қолданатындығы байқалады (2- кесте). Бұл көрсеткіш әлеуметтік желілердің студенттердің жеке қарым-қатынастарын қолдау үшін маңызды құрал екендігін және әлеуметтік желілерді қолданудың ең басты мақсаты екендігін байқатады. Алайда әлеуметтік желілер тек жеке коммуникация құралы ғана емес, контент талдау барысында анықталғандай ол кәсіби қауымдастыққа интеграциялану құралы, болашақ педагог-психологтар әлеуметтік желідегі кәсіби қауымдастықтарға қосылу арқылы кәсіби біліктілігін арттыруға, кәсіби қарым-қатынаста өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндіктер ашылатыны белгілі болды.

Жаңа білім игеру, дағдылар қалыптастыру мақсатын 60,8% студенттің таңдап алуы (2 кесте), әлеуметтік желіні дидактикалық мақсатта студенттер үшін қолдану тиімді болатындығын студенттердің жауаптары дәлелдейді. Осы жауаптың дәлдігін контент талдау барысында М Т. Себуллен, Г. Николаеваның зерттеулерінде жасаған тұжырымдары да растай түседі, олар цифрлық орта өзіндік білім алу ортасы екендігін көрсеткен тұжырымдары сауалнама нәтижелерімен ұштасады. Сондай-ақ студенттер арасында нақты кәсіби білімін жетілдіру мақсатында әлеуметтік желіні пайдаланатын студенттер 24,1% құрауы олардың кәсіби даму үшін басқа құралдарды, әдістерді көбірек қолдануымен түсіндіріледі. Әлеуметтік желілерді жаңа білім алу үшін қолданатын студенттердің үлесінің 60,8% құрауы университеттер мен педагогикалық қауымдастықтар әлеуметтік желілерде ақпараттық ресурстар мен білім беру материалдарын ұсынуды жолға қоюдың қажеттігін негіздейді.

Ал респонденттердің арасында уақыт өткізу үшін әлеуметтік желіні пайдаланытындар 38% құрауы, кәсіби контент карауды арнайы ұйымдастыру керектігін негіздеді. Студенттер арасында әлеуметтік желіні жаңа таныстар табу үшін қолданатындар тек 6,4 % құрауы әлеуметтік желіні қауымдастық құру құралы ретінде қарамайтындығын айқындады.

Сауалнама жауаптары студенттер арасында әлеуметтік желіні қарау олардың өмірінде маңызды шаралардың бірі екендігін көрсетеді. Маңыздылығы неде екенін анықтау үшін «Әлеуметтік желілердің жағымды жақтарына нені жатқызуға болады?» деген сауал қойылып, бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі беріліп, нәтижелері 3-кестеде көрсетілді.

Кесте 3. «Әлеуметтік желілердің жағымды жақтарына нені жатқызуға болады?» деген сауалдың рангіленген жауап нұсқаларының пайыздық және сандық көрсеткіштері

| Жауап нұсқалары | Пайыздық мөлшері | Таңдаған-дар саны |
|---|---|---|
| Арақашықтықта қарым-қатынас жасау мүмкіндігі | 81% | 64 |
| Пайдалы ақпарат алу | 73,4% | 58 |
| Уақытылы жаңалықтардан хабардар болу | 68,4% | 55 |
| Жаңа білім, іскерліктерді үйрену | 67,1% | 54 |
| Уақытты қызықты өткізу | 48,1% | 38 |
| Қажетті адамдарды/өнімді іздеу | 43% | 34 |
| Кәсіби білімді жетілдіру құралы ретінде пай-далану | 34,1% | 27 |
| Қаржылық тәуелсіздік құралы ретінде пайда-ланау | 27,9% | 22 |
| Қолданудың қарапайымдылығы | 27,9% | 22 |

Әлеуметтік желіні «арақашықтықта қарым-қатынас жасау мүмкіндігі» (81%), «пайдалы ақпарат алу көзі» (73,4%), «уақытылы жаңалықтардан хабардар болу» (68,4 %) мақсаттарын таңдауы да желілерді кәсіби имидж дамытудың құралы ретінде қолдану мүмкіндігін растайды (3-кесте). Әлеуметтік желілерді білім беру процесінде қолдануға және кәсіби қалыптасу құралдары ретінде пайдалану маңыздылығын тұжырымдауға негіз болады.

«Жаңа білім, іскерліктерді үйрену», «уақытты қызықты өткізу», «қажетті адамдарды/өнімдерді іздеу» сияқты таңдау жиілігі орташа деңгейдегі жауаптар әлеуметтік желілерге белгілі бір мәселелерді шешетін құрал ретінде қарайтындығын көрсетеді. Студенттер әлеуметтік желілер арқылы білім мен дағдыларын жетілдіруге болады деген жауаптың 67,1% құрауы олардың кәсіби имиджін қалыптастыру ісін осы әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асыруға болатындығын негіздей түседі. Бұл тұжырым Мерчант Гайдың әлеуметтік желіні «кәсіби өз-өзімен жұмыс істеу алаңы» деген ойымен сәйкес келеді.

Уақытты қызықты өткізу құралы ретінде деген жауапты қатысушылардың жартысына жуығының таңдауы студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін олардың кәсіби имиджін қалыптастыру бағытындағы кәсіби контентті қарауын, кәсіби білімін жетілдіруіне үлес қосатын парақшаларды қарауын арнайы ұйымдастыру қажеттігін негіздейді.

Қатысушылар арасында «Кәсіби білімді жетілдіру құралы ретінде пайдалану» 34,1% құрауы, болашақ педагог-психологтар арасында әлеуметтік желілерді кәсіби мақсатта пайдалану деңгейінің төмен екенін байқатты. Сондықтан болашақ педагог-психологтарды әлеуметтік желілер кәсіби білімдерді игеру және кәсіби имиджді қалыптастырудың маңызды

құралдарының бірі екендігін түсіндіріп, кәсіби платформаларды және онлайн-ресурстарды арнайы насихаттау және блогтар мен парақшалар жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігін көрсетті. Студенттер әлеуметтік желіде парақша /блогтар жүргізу арқылы коммуникативтік дағдыларын дамытып, кәсіби рефлексия мен этиканы ұстануды, өзін-өзі таныту мен визуалды сауаттылықты жетілдіруге мүмкіндік алады. Ал студенттер арасында әлеуметтік желіні қаржылық тәуелсіздік құралы ретінде пайдалану жауабын тек 27,9% ғана таңдауы олардың әлеуметтік желілерді табыс табу құралы ретінде есептемейдіндігін байқатады.

Болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік желілерді кәсіби мақсатта пайдалануға көзқарастарын білу үшін «Әлеуметтік желілер болашақ маманың кәсіби қалыптасуының бір құралы» деген пайыммен келісесіз бе? деген сұрақ қойылды (4 кесте).

Кесте 4. Респонденттердің «Әлеуметтік желілер болашақ маманның кәсіби қалыптасуының бір құралы» деген пайымға көзқарастары

| Жауап нұсқалары | Пайыздық мөлшері | Таңдаушылар саны |
|---|---|---|
| Толықтай келісемін | 45,6 | 36 |
| Өзіндік ықпалы бар | 50,7 | 40 |
| Шамалы ықпалы бар | 3,8 | 3 |
| Жоқ келіспеймін | - | - |

Сауалнамаға қатысушылардың 50,7 % әлеуметтік желілер кәсіби қалыптасуға өзіндік ықпалы бар, ол тұжырыммен толықтай келісемін деп 45,6% деп көрсетуі, бұл пайыммен мүлдем келіспейтіндердің болмауы әлеуметтік желілерді болашақ педагог-психологтардың кәсіби қалыптасуына әсер ететін маңызды құрал екенін мойындағанын білдіреді (4-кесте). Сауалнамаға қатысқан болашақ педагог-психологтардың көпшілігі (**96,3%)** әлеуметтік желілердің кәсіби қалыптасуға оң әсері бар екенін мойындайтындығын білдіреді. Сонымен бірге, «толықтай келісемін» (45,6%) және «өзіндік ықпалы бар» (50,7%) жауаптарының үлесі бір-біріне жақын, бұл әлеуметтік желілердің кәсіби қалыптасудағы ықпалы жеке тәжірибе мен көзқарасқа байланысты өзгеретінін көрсетеді. Бұл нәтижелер болашақ мамандардың кәсіби дамуында әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану қажеттігін және олардың кәсіби дайындық бағдарламаларына әлеуметтік платформалармен жұмыс істеу дағдыларын қосудың маңыздылығын айқындап, кәсіби өзін-өзі таныту, кәсіби коммуникациялық дағдыларын дамыту, кәсіби имиджін арттырудағы рөлінің жоғары екендігін дәлелдеді.

**Талқылау**

Зерттеу барысында зерделенген диссертациялық жұмыстар мен ғылыми мақалаларға жасалған контент-талдау нәтижесінде алынған тұжырымдар

мен сауалнама нәтижелерін салыстыра отырып, әлеуметтік желілердің болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы маңызды екендігі негізделеді.

Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік желілер жастардың әлеуметтік ұстанымдарын қалыптастырушы фактор ретінде қарастырылуы, оны тек коммуникация құралы емес, виртуалды орта ретінде бағалауы біздің зерттеу үшін маңызды болды. Ол ойды сауалнамаға қатысқан студенттердің басым бөлігі әлеуметтік желілерді тек коммуникация құралы ғана емес, кәсіби имиджді қалыптастыруда маңызды құрал деп бағалауы дәлелдей түсті. Сондықтан зерттеуімізде цифрлық орта қазіргі жастардың өзіндік санасын, кәсіби ұстанымдарын және өзін ұсыну стилін тікелей қалыптастыра отырып, кәсіби имидждің де қалыптасуына ықпал етеді деп тұжырымдаймыз.

Шетелдік зерттеулердегі блогтар мен әлеуметтік желілерді рефлексия мен кәсіби дамудың құралы ретінде қарастыруы біздің зерттеу нәтижелерімен үндес. Сауалнама нәтижелері респонденттердің көпшілігі кәсіби салаға қатысты парақшаларды оқитынын, білетінін көрсетті. Алайда сауалнама нәтижесінде өз блогын немесе кәсіби парақшасын белсенді жүргізетін студенттер санының жоқтығы және осы бағытта жұмыс жасағылары келетіндігі белгілі болды. Осылайша, студенттердің кәсіби имиджді қалыптастыруда әлеуметтік желілерді маңызды құрал деп танығанымен, осы бағытта жұмыс жасау тәжірибесінің жоқтығын айқындады. Бұл студенттер үшін әлеуметтік желілер негізінде кәсіби имиджді қалыптастыруға көмектесетін арнайы курс және әдістемелік қолдау қажет деген пайым жасауға ықпал етті.

